

Ұ.М. Есенбекова* , Ж.Ж. Алдабергенова ,
А.Ә. Маманқұл , Б.А. Смаилова , С.Т. Төлегенова 

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.,
*e-mail:ultmudde@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАНЫҢ ЖАСТАР БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Мақалада жеке тұлғаны тәрбиелеуде әлеуметтік желілерді пайдалану мәселелері және олардың жастардың әлеуметтік белсенділігін өсірудегі ықпалы қарастырылған. Ақпарат алмасудың түрлі формалары мен олардың тиімділігі (ашық немесе жасырын) бағаланады.

Мақаланың мақсаты – ғаламдық ақпарат кеңістігінде миллиардтаған қолданушыларды қамтитын әлеуметтік медианың жастардың азаматтық белсенділігіне әсер-ықпалын зерттеу. Әлеуметтік желілерде пікірлерін жариялау формалары арқылы жастардың нақты қоғамдық істерге қатысу бейімін анықтау.

Зерттеу жұмысының құндылығына әлеуметтік медианың жеке тұлғаның дүниетанымын, өмірлік құндылықтары мен мүдделерін өзгертуге, жаңа бағыттар ұсынуға, көзқарастар мен дағдыларды қалыптастыруға қаншалықты қабілетті екенін анықтауды жатқызамыз.

Зерттеудің эмпирикалық негізін автордың желідегі және өмірдегі жастар белсенділігін салыстырмалы талдауы құрады. Сонымен бірге, қазақстандық саясаткерлердің, қоғам қайраткерлерінің, бизнес және мәдениет өкілдерінің VK, Instagram, Facebook, Youtube және Twitter сияқты әлеуметтік желілердегі аккаунттары сарапталды, олардың жазбаларына мазмұндық талдау жасалды.

Білім алушылар арасында мақала авторы жүргізген сауалнама нәтижесі де зерттеу еңбегінде қолданылды. Маңызды қоғамдық оқиғалардың жастардың белсенділігіне әсер ету дәрежесін анықтауды мақсат еткен эксперименталды сауалнама күтпеген нәтиже берді. Мазмұны мен іске асыру формасы жақсы ойластырылған онлайн үндеулер жастардың шынайы қоғамдық өмірде белсенді болуына көмектесетіні анықталды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері келесі заңдылықтарды анықтауға көмектесті: әлеуметтік желілерде өз пікірлерін жария және ашық орналастыратын адамдар қоғамдық акцияларға нақты іс-әрекеттермен қолдау көрсетуге көбірек бейім болады. Керісінше, әлеуметтік пайдалы іс-шараларға анонимді қолдау көрсететін адамдарда нақты әрекеттерге деген бейілділігі төмен болады.

Мақаланың қорытындысында мынандай пайымдаулар жасалды: жастардың әлеуметтік белсенділігі белгілі бір адамға ғана бағытталмай, мемлекет пен қоғам мүддесіне де қызмет етуі тиіс. Жалпы алғанда интернет пен виртуалды қауымдастықтар қоғамдық және жастардың әлеуметтік мәселелерін шешуде оң рөл атқарады.

Түйін сөздер: әлеуметтік медиа, слактивизм, желідегі белсенділік, жастар, саясат.

U.M. Yessenbekova*, Zh.Zh. Aldabergenova,
A.A. Mamankul, B.A. Smailova, S.T. Tolegenova
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan,
*e-mail: ultmudde@mail.ru

The impact of social networks on youth activity

The article explores the problems of using social networks for the formation of an individual's personality, the influence of social networks on the development of social activity of young people. The effectiveness of various forms of information exchange (public or anonymous) is evaluated.

The purpose of this article is to study the impact of social media on the social activity of young people, which includes billions of users in the global information space. Determining the inclination of young people to participate in specific social activities through the forms of expressing their opinions in social networks.

The value of the study lies in determining the ability of social media to change the worldview, life values and interests of the individual, develop new ideas and directions, and correctly form life guidelines.

The empirical basis of the study was the social research conducted by the Friedrich Ebert Foundation in Kazakhstan. The content of the accounts of Kazakhstani politicians, public figures, representatives of

business and culture in social networks such as VK, Instagram, Facebook, Youtube and Twitter was also studied; a content analysis was carried out.

The study also used the results of survey conducted by the author of the article among students, undergraduates. An experimental survey aimed at determining the degree of influence of important social events on the activity of young people yielded unexpected results. It was revealed that meaningful and thoughtful in the form of implementation of online initiatives, petitions, increase youth activity in real public life. The main results of the study helped to identify the following pattern: people who use public and open placement of their opinions in social networks are more committed to real participation in public actions. Conversely, anonymous support for socially beneficial events reduces the commitment to further real actions.

At the end of the article, the following conclusions were formulated: the social activity of young people should be directed not only to a specific person, but also must serve the interests of the state and society. In general, the Internet and virtual communities play a positive role in solving social problems, problems among the youth.

Key words: social media, slacktivism, online activity, youth, politics.

Ұ.М. Есенбекова*, Ж.Ж. Алдабергенова, А.А. Маманкул, Б.А. Смаилова, Толегенова С.Т.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан,

*e-mail: ultmudde@mail.ru

Влияние социальных медиа на активность молодежи

В статье исследуются возможности использования социальных сетей в становлении личности индивидуума, влияние социальных сетей на развитие общественной активности молодежи. Оценивается эффективность разных форм обмена информацией (публичная или анонимная).

Целью данной статьи является изучение влияния на активность молодежи социальных медиа, которые включают миллиарды пользователей в глобальном информационном пространстве, определение склонности молодежи к участию в конкретной общественной деятельности через формы выражения своих мнений в социальных сетях.

Ценность исследования заключается в определении способности социальных медиа изменить мировоззрение, жизненные ценности и интересы личности, выработать новые идеи и направления, правильно сформировать жизненные ориентиры.

Эмпирической базой исследования послужили социальные исследования, проведенные Фондом Фридриха Эберта в Казахстане. Были также изучены тексты аккаунтов казахстанских политиков, общественных деятелей, представителей бизнеса и культуры в социальных сетях, таких как VK, Instagram, Facebook, Youtube и Twitter, проведен контент-анализ.

В исследовании использовались результаты опроса, проведенного автором статьи среди студентов, магистрантов. Экспериментальный опрос, направленный на определение степени влияния важных социальных событий на активность молодежи, дал неожиданные результаты. Выявлено, что содержательные и продуманные по форме реализации онлайн-инициативы, петиции, повышают молодежную активность в реальной общественной жизни.

Основные результаты исследования помогли выявить следующие закономерности: люди, использующие публичное и открытое размещение своего мнения в социальных сетях более привержены к реальному участию в общественных акциях. И наоборот, анонимная поддержка общественно полезных мероприятий уменьшает приверженность к дальнейшим реальным поступкам.

В заключении статьи были сформулированы следующие выводы: социальная активность молодежи должна быть обращена не только на конкретную личность, но и обязана служить интересам государства и общества. В целом Интернет и виртуальные сообщества играют позитивную роль в решении проблем социума и молодежной среды.

Ключевые слова: социальные медиа, slacktivism, онлайн-активность, молодежь, политика.

Кіріспе

Жаңа технологиялық мүмкіндіктер мен интернет қоғамның дамуына, коммуникациялардың жиілігі мен тығыздығын арттыруға, жеке тұлғаны дамытуға және әлеуметтендіруге игі ықпал ете алады. Бұл жерде қоғамның өмір салтын өзгертетін, қоғамдық қызметтің баламалы түрлерін қамтамасыз ететін әлеуметтік ме-

диа маңызды рөл атқарады. Ғаламдық ақпарат кеңістігінде миллиардтаған қолданушыларды қамтитын әлеуметтік медиа адамның өміріне айтарлықтай әсер етуде. Әлеуметтік медиа жеке тұлғаның дүниетанымын, өмірлік құндылықтары мен мүдделерін өзгертуге, жаңа бағыт ұсынуға, көзқарастар мен дағдыларды қалыптастыруға қабілетті. Виртуалды қауымдастықтың мұндай ерекшеліктері олардың ақпарат тұтынушыға,

әсіресе жастар аудиториясына әсерімен байланысты (Matyasik, 2014; Ali, Asghar & Mamoon, 2017).

Ұзақ уақыт виртуалды қауымдастықтың мүшесі болу және әртүрлі белсенді манипуляциялардың нысанасына ілігу пайдаланушыларды кибер-әлеуметтену жағдайына алып келеді. Заманауи зерттеушілер мен сарапшылар әлеуметтік желілер адамдарда жалған серіктестік сезімін туғызады деген пікірлер айтуда. Әлеуметтік желілердегі белсенділіктің маңызын төмендетуге болмайды. Бірақ мұндай азаматтық белсенділік көптеген адамдар шынайы өмірдегі іс-әрекеттерді виртуалды өмірдегі алдамшы шынайылықпен шатастырып алуы әбден мүмкін.

Бүгінгі қазақ қоғамының түйінді мәселелердің – мемлекеттің тұрақтылығы, тәуелсіздікті сақтау, технологиялық өрістің жылдам дамуы мен ұлттық мұраны, дәстүрлі құндылықтарды сақтаудың – жастарды әлеуметтендіру саясатымен сабақтастығын 2022-жылдың басындағы «қаңтар оқиғалары» айқын көрсетті.

Жастардың әлеуметтік белсенділігінің төмендігі, саяси процестерден шеттетілуі, әлеуметтік немқұрайлылық пен бейқамдықты өзекті мәселе деп қарасақ, әлеуметтік желіні пайдалану бұл қиындықты оңтайлы еңсеруге септігін тигізеді анық. Біздің ойымызша, жастардың бойында жауапкершілік, дербестік, жанашылдық, сыни ойлау сияқты қасиеттерді дамыту – өзекті әрі маңызды міндет.

Ғаламдық интернет кеңістігінде онлайн формадағы белсенділік өте жоғары деңгейде. Жеке тұлғалардан бастап, жастар аудиториясы әртүрлі қоғамдық, әлеуметтік пайдалы бастамаларға қолдау көрсетіп, қайырымдылық шараларына қаржы аударып, түрлі петицияларға қол қойып жатады. Бір-біріне маңызды үндеулер жарияланған бейне, аудио материалдармен бөліседі. Онлайндағы осындай белсенділік формасын қолдайтындар да, бұны пайдасыз, жасанды белсенділік деп санайтындар да бар. Әрине, бүгінгі технологиялар әлеуметтік желіде белсенді болудың артықшылықтарын көптеп ұсынады: дауыс беру, қайырымдылық қорларына көмектесу, волонтерлік миссияларды орындау және басқалар. Бұл жастар арасындағы коммуникацияның өмірлік құралға айналғанын, жас ұрпақтың заман талабына сай белсенділік формасының өзгеруін көрсетеді деп ойлаймыз.

Әдетте қазіргі жастардың виртуалды белсенділігін ешқандай күш-жігерді қажет етпейтінін, ойын ретінде қабылдайтын көзқарастар да кездеседі. Олардың ойынша, жастар ұзақ уақыт

күш жұмсап қоғамдық іс-шаралардың толық орындалуын соңына дейін талап ете алмайды, шыдамдары жетпейді деп ойлайды. Өйткені, жастардың қызығушылығы уақытша ғана, өткінші екенін алға тартады. Бірақ, жастар бұндай пікірмен келіспеуі мүмкін. Себебі, олардың қоғамдық істермен айналысуға уақыты да, жеткілікті қаражаты да жоқ. Олардың қолындағы мүмкіндік – өзінің азаматтық позициясын білдіріп дауыс беру, әлеуметтік желілер арқылы қолдау көрсету мен жақтаушылар жинау. Желідегі үндеулерді қолдап қол қою, өзінің жеке пікірін қалдыру да үлкен іске көрсетілген қолдау, өзгерістерге бастайтын алғашқы сатылар. Осылайша, әлеуметтік желідегі белсенділік барлық проблемаларды шешпесе де, азаматтардың ой-пікірін өзгерте алады, қоғамдық пікір қалыптастырады.

Желідегі қауымдастықтардың коммуникациялық формалары әлеуметтік акторлардың өзара мәдени әрекеттесуінің жаңа түрі болып қалыптасуда. Бұндай жағдайда жастардың белсенділігін дамыту үшін материалдық және материалдық емес игіліктермен ынталандыру арқылы желі қолданушыларын қоғамдық қызметке араласуын қамтамасыз етуге болады. Интернет-ресурстардың көптігі мен қолжетімді болуы, олардың жақсы сұранысқа ие болуы мен өзектілігі де желілік медианың жастардың әлеуметтік белсенділігіне ықпалын арттырушы факторлары болып табылады.

Осындай қоғамдық маңызды мәселелер зерттеудің мақсатын анықтауға – жастарды әлеуметтендірудегі әлеуметтік желілердің рөлін бағалауға – мүмкіндік берді.

Библиографиялық шолу

Интернет-технологиялардың таралуы олардың цифрлық дәуірде әлеуметтік байланыстардың қазығына айналуымен ерекшеленуде. Желідегі қауымдастықтар феноменін талдау көптеген маңызды зерттеу бағыттарының өзегін құрады. Постиндустриалды өркениет тұжырымы мен ақпараттық қоғам теориясының негізі қалануда (Castells, 2010; Морено, 2004).

Желілік қоғам (network society) мен виртуалды қауымдастықтар (virtual community/online community) өздеріне тән сипаттарға ие бола бастады. Бұл жерде ғылыми айналымдағы анықтамаларға сәйкес: желілік қоғам – ақпараттық қоғамның бір түрі ретінде қарастырылса, виртуалды қауымдастықтар – интернет кеңістігіндегі әлеуметтік байланыстарды білдіреді. Дегенмен, көптеген зерттеулерде олар ұқсас, барабар

ұғымдар ретінде қолданылады. Ақпараттық қоғамның ғылыми негіздерін зерттеуші, беделді ғалым М.Кастельс желілік қоғамдағы әлеуметтік байланыстардың дербестенген және жеке тұлғалық мазмұнын атап көрсетеді. Оларды сипаттау үшін М.Кастельс экстерриториялық сипатқа ие әлеуметтілік пен тұлға-аралық байланыстардың ерекше формаларын қолданады. Цифрлық дәуірде әлеуметтену формасы оған қатысушылардың әлеуметтік әрекеттесуі, ақпараттандыру және әлеуметтік сәйкестілігі арқылы қамтамасыз етіледі. Біз бұл жұмыста желілік қауымдастықты интернет қауымдастығы немесе интернетті пайдаланушылар қауымдастығы түрінде қабылдауды ұстанамыз.

Желілік қауымдастық құбылысын зерттеу барысында желілік мәдениеттің негіздерін талдау да маңызды. Көптеген зерттеулерде желілік мәдениет дүниежүзілік желідегі ақпарат тарату мен қарым-қатынас мәдениеті деп түсіндіріледі. Кейбір ғылыми еңбектерде оны өзіндік этикасы мен ережелері, өзіндік тілі бар субмәдениет ретінде қарастыруды ұсынған пікірлер де кездеседі. Бұл бағыттағы еңбектерге Г.Ловинк, Д.Бойд, В.Кампанелли, Ұ.М.Есенбекованың ғылыми зерттеулерін жатқызуға болады (Ловинк, 2015; Campanelli, 2010; Yessenbekova, 2018a).

Бүгінгі таңда виртуалды желілік қауымдастықтарды зерттеуге арналған көптеген ғылыми еңбектер бар. Виртуалды қауымдастықтардың әлеуметтік стратификациясы, оның қалыптасуы мен дамуы мәселелері батыстың, ресейлік ғалымдардың жұмыстарында кездеседі (Wenger, 2008; Wellman & Hampton, 2003; Beamish, 1995; Бондаренко, 2004).

Біздің зерттеуімізде желілік қауымдастықтар шеңберіндегі пайдаланушылардың әлеуметтену процесі, виртуалды қауымдастықтардың пайдаланушы белсенділігі, олардың әлеуметтік процестерді дамытудағы және әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешудегі рөлі қарастырылады. Бұл зерттеудің гипотезасын дәлелдеуге ресейлік зерттеушілердің, америкалық, еуропалық ғалымдардың тұжырымдары пайдаланылды (Гордилов, 2011; Kim, 2000; Tilley & Bruce, 2006; Montgomery, Gottlieb-Robles & Larson, 2004; Марков, 2000; Римский, 2009; Yessenbekova, 2018b).

Ақпараттық ортаның үдемелі дамуы слактивизм ұғымының жағымсыз құбылысқа айналуына алып келді. Интернет-ресурстарда еш қиналмай жауапсыз әрекеттер жасауға және сөйлеуге, пікір қалдыруға, ауызша форумдарға қатысуға, онлайн петицияларға қол қоюға, лайк пен

репост жіберуге мүмкіндік туды. Бұл әрекеттердің барлығы жаңа слактивизмнің мысалдары болып табылады. Олар нақты өмірдегі импульстар мен іс-әрекеттерді ауыстырады. Бірақ іс жүзінде олар әлеуметтік науқандардың көздеген мақсатына жеткізбейді, қажетті өзгерістерге әкелмейді (Измествьева, 2015).

Әлеуметтік наразылықтың табиғатын ақпараттық әлеуметтік ресурстар призмасы арқылы зерттеудің 3 тәсілі бар. Бірінші көзқарас – америкалық әлеуметтанушы Говард Рейнгольдтың «ақылды тобыр» теориясы. Бұл теория заманауи коммуникация құралдарының ауқымды аудиторияларды бірнеше минут ішінде жұмылдыратын және олардың әрекеттерін басқаратын қабілетіне негізделген. Рейнгольд саяси ресурс ретінде виртуалды медиаға үлкен мән береді.

Екінші тәсіл – шығындарды азайту теориясы. Оның негізгі теоретигі, америкалық зерттеуші Клэй Ширкидің ойынша, «жаңа онлайн құралдар адамдарға өз проблемаларын қаржылық, уақыт немесе эмоциялық шығындарсыз шешу үшін қауымдастықтар құруға мүмкіндік береді деп санайды. Ұжымдық күш-жігер арқасында тиімділік артады, өйткені қатысушылар мәжбүрлеусіз сөйлейді, жеке пайдаларын көздейді. Ары қарай жаңа коммуникацияларды қолданып, қоғамдық қысым көрсету арқылы өздерін қажетті саяси, әлеуметтік немесе басқарушылық шешімдердің қабылдануына қол жеткізеді.

Үшінші тәсіл – желілер мен ақпарат ағындары теориясы. Бұл теорияның идеологтарының бірі испандық әлеуметтанушы Мануэль Кастельстің идеясы бойынша, қазіргі қоғамдарда билік қатынастарының қалыптасуы мен оны жүзеге асыру процесі жаңа технологиялық ережелер бойынша іске асырылады. Үкімет коммуникацияларды бақылайтындықтан, биліктің қарсыластары бұндай жағдайға толығымен тәуелді екендерін түсініп, коммуникативтік бақылауға қарсы күресуге мәжбүр (Sisulak, 2017). Бірақ қоғамды бақылауда ұстау мен оны күшпен көндіру тәсілдері биліктің тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды. Дәл осындай саясат пен коммуникациялық бағыт билік қатынастарын күшейтудің негізгі элементіне айналып, саяси-әлеуметтік салада сын-қатерлерді өршітуде (Yessenbekova, Ulbossyn M., Kutym Begim and etc., 2020a).

Слактивизмді жақтаушылардың ойынша, әлеуметтік медиадағы көптеген бастамалар уақыт өте келе нақты іс-әрекеттерге айналады. Біз ақпараттық нарықтың жаһандану

үдерісі адамдардың өзара коммуникациясы мен ақпаратты қабылдау формаларын түбегейді өзгертетіне сенімдіміз. Қазірдің өзінде әлеуметтік тұрғыда қоғам мен адамдар тобын бір мақсатқа, бір мүддеге жұмылдыру YouTube, Facebook немесе Twitter сияқты платформалардың көмегімен жүзеге асырылып отыр.

Егер шынайы өмірдегі белсенділік жеке тұлғаның әртүрлі проблемалар туралы толық хабардар болуын, көзқарасы мен пікірін өзгертуін, оның нақты әлеуметтік әрекеттерге қатысуын қамтыса, слактивизмнің қарымы миллиондаған қарапайым адамдардың энергиясын бір арнаға бұруға толығымен жетерлік. Слактивизмдегі жалған белсенділік пайдаланушылардың мәселенің байыбына баруға немесе түсінуге құлқы жоқтығын көрсететін «жалқау» коммуникацияда айқын білінеді. Әлеуметтік медидағы жалған белсенділер электронды манипуляциялар жасауға ғана бейім: репостар жасау, лайк басу, онлайн петицияларға қол қою. Сондықтан көптеген идеялар мен проблемалар шынайы өмірде көрінбей, нақты саясат деңгейіне жетпей, тек әлеуметтік ресурстардың шеңберінде қалып жатады. Бұған қарамастан, біз белсенді азаматтардың қоғамдық қызметі мен желідегі белсенділік арасында бірқатар ұқсастықтар бар деп ойлаймыз. Екі жағдайда да қатысушылар үшін тәуекелдер бар, екі топтың да кейбір шығындарды көтеруіне тура келеді. Бірақ қоғам ұзақ уақыт бойы өзін-өзі алдау елесінде өмір сүріп, маңызды әлеуметтік бастамалар шынайы іске асыру форматына шыға алмайды (Когель, Фомичев & Бортников, 2017).

Бұл қысқаша шолу бізге әлеуметтік және виртуалды қауымдастықтары зерттеу тәсілдерін таңдауға, коммуникацияның осы формасының ерекшеліктері мен интернеттегі және әлеуметтік медидағы байланыстардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен тәсілдер

Зерттеудің теориялық негізін ақпараттық қоғам тұжырымдамасы құрайды. Әдістеме компоративизм қағидаларын пайдалана отырып, пәнаралық зерттеуге негізделген. Сонымен бірге автор желілік медианың ерекшеліктерін жан-жақты ашу үшін құрылымдық-функционалдық талдауға жүгінген.

Зерттеудің эмпирикалық негізін автордың желідегі және өмірдегі жастар белсенділігін салыстырмалы талдауы құрады. Бұдан бөлек мақала авторы 291 студент пен магистранттың қатысуымен сауалнама жүргізген.

Зерттеуге қатысушылар ерікті түрде сауалнама сұрақтарына жауап берді. Автор бұл зерттеуінде сауалнаманың көмегімен білім алушыларға қызықты болған 10 оқиғаны анықтап, олардың жастардың белсенділігіне әсерін талдады.

Сауалнаманың мақсаты – қоғамдық маңызы бар оқиғалардың жастардың белсенділігіне әсер ету дәрежесін анықтау болды. Сауалнамаға қатысушыларға ең қызықты оқиғаларды таңдау және оған қолдау көрсетудің қолайлы түрлерін көрсету ұсынылды. Танымал саясаткерлердің, қоғам қайраткерлерінің, бизнес және мәдениет өкілдерінің VK, Instagram, Facebook, YouTube және Twitter сияқты әлеуметтік желілердегі танымал аккаунттары, ондағы жазбалар сарапталды.

Нәтижелер мен талқылау

Пікіржазу, бейне-материалдармен бөлісу және суреттерге лайктар басу әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға, қоғамдағы проблемалық түйіндерді немесе әлеуметтік игіліктер жасауға қалай әсер ете ала ма? Мүмкін қазақ жастарының әлеуметтік желідегі белсенділігі жай ғана символдық сипаттағы әрекет па? Ғылыми тілмен айтқанда слактивизм бе?

«Slacktivism» біршама қысқа мерзімде пайда болған және ағылшын тіліндегі «slacktivism» (slacker – бос жүріс; activism – активизм) терминінің транслитерациясы. Батыстың ғылыми зерттеулерінде бұл сөз шамамен 20 жыл бұрын қолданыла бастады. Зерттеушілер оны әлеуметтік науқандарды немесе оң нәтиже бермейтін ұйымдарды қолдауға бағытталған іс-әрекеттерді сипаттау үшін пайдаланды. Дегенмен, «слактивистің» өзі әлеуметтік мәселелерді шешуге «белсенді» қатысқандығынан қанағаттану сезімін алады.


Термин бастапқыда жеке деңгейде оң коннотациялар (мағыналар) мен шағын әрекеттерді, науқандарды бейнелеу үшін пайдаланылды. Мысалы, наразылық акцияларына немесе митингілерге қатысудың орнына, «слактивистке» қолдау көрсету туралы жазба қалдыру ыңғайлы әрі оңай. Немесе ол кедей отбасына азық-түлік, балаларға оқу құралдарын сатып алу және петицияға қол қою, интернет ресурстарға қаржылай қолдау көрсетуді диваннан тұрмай, смартфонның, компьютердің бірнеше пернесін басу арқылы орындауға болады.

Слактивизмнің оптимистік мағынасын әлсірететін, пайдалы деңгейін төмендететін тағы бір мысал бар. Көптеген зерттеушілер дат психологы Андерсен Колдинг-Йоргенсеннің тәжірибесіне

сілтемелер жасайды. Беларусь саясаттанушысы Евгений Морозов «Таза адасу: Интернет еркіндігінің қараңғы жағы» (Net Delusion: The Dark Side of Internet Freedom) кітабында да осы экспериментті талдайды. 2009 жылы дат психологы Копенгагендегі су-бұрқақты (фонтан) қорғау үшін Facebook-те топ құрып, тәжірибе жасайды. Өзі құрастырған аңыз бойынша, «билік су-бұрқақты бұзатын болды». Аз ғана уақыт ішінде топтың саны 27 мыңнан асады. Су-бұрқақ туралы әңгімені Андерсен ойлап тапқаны белгілі. Ең қызығы, эксперимент кезінде топтағы мыңдаған қатысушылардың ешқайсысы ешқандай әрекет жасамады. Ешбір адам топта жарияланған ақпараттың дұрыстығын анықтап, ақиқат па, жалған ба екенін тексергісі де келмеген [Morozov, 2012].

Мұндай мысалдар қоғамдағы слактивизмнің рөлінің позитивтігіне, пайдалы құбылыс екеніне қатысты күмәнді күшейтеді. Бұл құбылысты сынайтын сарапшылар қоғамды белсендірудің тәсілі ретінде слактивизм тиімді және зиянды емес екенін алға тартады. Слактивизм нақты әрекетті виртуалды әрекет формасына ауыстырады. Ұнаған пайдаланушылар өздерінің міндеттерін орындағандарына шын жүректен сенеді және өздері қолдайтын әлеуметтік акцияларға немесе наразылықтарға қатысудың басқа түрлеріне қатысуды ойламайды.

Facebook, Twitter және vk.com сияқты әлеуметтік желілер он жылдан астам уақыт бойы жұмыс істейді. Аталған және басқа да әлеуметтік желілердің маркетингтік өзгеру бағыттарын айқындайтын жүздеген мың қауымдастықтар тіркеліп жұмыс істеуде. Әлеуметтік желілердің қазақстандық сегментінде де көптеген бағыттар құрылуда. Жастар арасында танымал пабликтер VK-да OMTS ([One Million True Stories](#)), Интересная Алма-Ата, Omirlik mani bar, Типичный Алматы, СтУДЕНЬ, Казахский для пацанов, За тебя, Bake! Болса, қазақ жастарының көп тіркелген Instagram желісінің аудиториясы үлкен. Бұл желіде: ZTB-kz, kaztwitter, insta-prikoli, kaz-tv, salemvines және т.б. тіркелген. Сондай-ақ Facebook қауымдастықтары арасынан да түрлі бағыттарды табуға болады: Книги и книгоманы, Астана: Что? Где? Когда?, ВРАЧИ РК, Fashion Park, Доска объявлений, Покупай казахстанское. Бұл қауымдастықтар негізінен жастар аудиториясынан құрылған және 30 мыңнан 1 миллионға дейін жазылушылары бар. 18 миллион халқы бар елде мұндай қауымдастықтар өте үлкен болып саналады және олардың ықпалы да ауқымды аудиторияларға таралады (Райбаева, 2012; Исабаева, 2012). Қазақстандағы интернеттің таралуы мен қолжетімділігін 1-кестеден көруге болады.



1-кесте. Интернетке қосылған үй шаруашылықтарының саны
Дереккөз: Қазақстанның Ұлттық статистика бюросы

Зерттеу аясында жеке адамға да, жалпы қоғамға да қауіп төндіру әлеуеті жоғары желілік мәдениеттің шығындарын анықтау үшін сауалнама да жүргізілді. Өкінішке орай, интернет кеңістігінің ашықтығы оны қолданушыларға танымдық, ағартушылық және позитивті ресурстармен қатар, заңмен тыйым салынған немесе зиянды сипаттағы контентке де жол ашады. Қарқынды жүріп жатқан мәдениетаралық бай-

ланыстар бұл процеске қатысушы халықтарды өзара байытып қана қоймайды, сонымен қатар олардың қоғамдық мүдделеріне де елеулі зиянын тигізеді (Yessenbekova and etc., 2020b).

Біздің ойымызша, ел алдындағы өз жауапкершілігін сезінген, мемлекеттің болашақ тұрақтылығын ойлаған ұлттық үкіметтер нақты азаматтық белсенділікті ынталандырып қана қоймай, жастарды жалған белсенділік пен

слактивизмді қоғамдық пайдалы іске қатысу формаларынан ажырата білуді ағартушылық жобалар арқылы үйретуі тиіс. Бүгінгі жастардың әлеуметтік-мәдени дәстүрлер мен әлеуметтік институттардан, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтардан алшақтап бара жатқаны байқалады. Эмпирикалық әлеуметтік кеңістіктің озбырлығынан (агрессиясынан) айтарлықтай асып түсетін желілік байланыстардағы агрессия көрсеткішін де күнделікті өмірде байқалуда.

Желінің қазақстандық сегментіне жүргізілген мониторинг көрсеткендей, интернет қоғамның бірігуіне ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар, әлеуметтік топтар арасында бөгеттер жасап, қоғамдық қатынастарды тұрақсыздандыруға, тұтастығын бұзуға апаратын қауіпті процестерді де туғыза алады. Белгілі қоғам және саяси қайраткерлердің, бизнес және мәдениет өкілдерінің VK, Instagram, Facebook, Youtube және Twitter сияқты әлеуметтік желілердегі жазбаларын сараптау барысы азаматтық жауапкершіліктің төмендігін көрсетті. Оппоненттерін қаралау, жеке басына қатысты кемсітушілік, расталмаған айыптаулар бар жазбаларда әлеуметтік желідегі танымал тұлғалар арасында кездесіп қалады. Жауапсыз мәлімдемелер, заңсыз митингтерге, шерулерге шақыру мен басқа да әрекеттерге үндеген жазбалар Абай заманындағы «аузымен орақ орған өңкей қыртың, мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқың» деген сөздерін еске салады. Сөзбен орақ орып, қоғамның тыныштығын бұзып, өздері жауапкершіліктен сырт қалғылары келеді. Бұндай слактивизм құбылысы рухани жағынан да, заңдылық жағынан да жастардың тәрбиесіне теріс ықпалын тигізетінін мамандар жақсы түсінеді.

Азаматтардың бір бөлігі өзін эмпирикалық кеңістіктің тұрғыны ретінде сезінсе, екінші бөлігі виртуалды кеңістікте өзін жайлы сезінеді. Соңғы жылдарда өткен наразылық акциялары екі санаттың белгілерінің біріге бастағанын көрсетті. Мысалы, акциялар желілерде басталып, аудиторияны жұмылдырғаннан кейін олар алаңдар мен көшелерге көшеді. Мұның барлығы 2019 жылдың сәуір-шілде айларында Қазақстанда өткен сайлау науқанында, 2022 жылдың қаңтар айындағы Алматы және басқа қалалардағы қайғылы оқиғалардан анық байқалды.

Саяси, әлеуметтік мазмұндағы медиа контенттің жастар белсенділігіне әсер ету деңгейін анықтау үшін студенттер мен магистранттар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында 2019 жылдың қаңтар-маусым айларында Қазақстанда болған маңызды оқиғалар туралы

ең қызықты бейнематериалдарды таңдау міндеті қойылды. Сауалнамаға 20-30 жас аралығындағы 291 адам қатысты, олар аталған кезеңде өздері үшін қызықты болған 10 оқиғаны таңдады. Сауалнама нәтижесі бойынша 70%-дан астам дауыс жинаған оқиғалар келесі ретпен орналасты:

9-10 маусымда президент сайлауынан кейінгі наразылық акциялары – 112 адам;

Н.Назарбаевтың Қазақстан Президенті қызметінен кетуі – 61 адам;

Астана қаласының атын өзгерту – 35 адам;

Қазақ жұлдызы Димаш Американы бағындырды – 14 адам;

Әлеуметтік желілерді бұғаттау (мамыр, маусым) – 11 адам;

Наурыз мейрамын тойлау – 9 адам;

Арыс қаласындағы әскери қойманың жарылуы – 8 адам;

«Менің таңдауым бар» жастар акциясы – 6 адам;

Жаңа FlyArystan әуе компаниясының пайда болуы – 4 адам;

«Оян, Qazaqstan» қозғалысын құрылуы – 3 адам.

Әрі қарай, сауалнама шарттарына сәйкес қатысушылар мыналарды көрсетуі керек: а) өз пікірін білдірудің қандай формасын таңдайтынын (ашық, жария түрде немесе жасырын); б) қоғамдық әрекеттерді қолдаудың қандай әдісі тиімді деп санайды.

Сауалнама нәтижелері жастардың өз пікірін ашық, көпшілік алдында білдіруі мен олардың қоғамдық іс-шараларға нақты қатысуы арасындағы тікелей байланысты көрсетті.

4-кестеден көрініп тұрғандай, қатысушылардың 2/3 астамы акцияларға қатысудың ашық, көпшілікке жария түрін (68%, 198 адам) таңдаған. Бұл топтағы адамдардың 90%-дан астамы акцияларды қолдауға, волонтер болуға, материалдық көмек көрсетуге немесе басқа да нақты іс-шараларға қатысуға дайын екендіктерін мәлімдеген. 10%-ы акцияларды қолдаудан бас тартқан. Осы деректерге сүйене отырып, акцияны ашық қолдаған қатысушылардың қоғамдық іс-шараларға ерікті түрде, шынайы өмірде қатысуға бейімділігі жоғары деген қорытынды жасауға болады.

Сауалнамаға қатысушылардың басқа бөлігі (32%, 93 адам) акцияларды анонимді формада қолдауды таңдаған. Оның ішінде 29 адам ғана бұл акцияларға нақты қатысуға болады деп есептеген. 70%-дан астамы акцияларды одан әрі қолдаудан немесе оларға нақты қатысудан бас тартқан. Бұдан шығатын қорытынды мынан-

дай: әлеуметтік, қоғамдық пайдалы іс-шараларға анонимді қолдау көрсетуге бейім адамдардың

шынайы өмірдегі іс-әрекеттерге қатысуға деген ұмтылысы төмен болады.



2-кесте. Сауалнамаға қатысушыларды қоғамдық іске қатысу формалары бойынша бөлу

Сауалнама нәтижелері бойынша мынадай қорытынды жасай аламыз: мазмұны мен іске асыру формасы жағынан жан-жақты ойластырылған онлайн үндеулер жастарды қоғамдық өмірге тартудың тиімді жолы бола алады. Сауалнама нәтижелері және осы жағдайдағы жастардың таңдауы, мінез-құлқы бұл тұжырымға дәлел бола алады.

Қоғамдағы жаппай наразылық көңіл-күйлер мен олардың мәдени әр алуандығын талдау арқылы бүгінгі әлеуметтік желілер мен ұялы байланыс технологиялары ауқымды аудиторияны бір мезетте жұмылдырудың басты себебі екенін тұжырымдай аламыз. Әлеуметтік медиа мен ұялы байланыс құралдары саяси дербестік пен горизонталды байланыстарға, бейресми көшбасшыларға және кенеттен пайда болатын ынтымақтастыққа негізделген саяси-әлеуметтік белсенділік пен үн қатудың жаңа түріне, оларды қолдаудың заманауи құралына айналды. Слактивизм азаматтық секторды белсендірудің дәстүрлі құралдарымен қатар әлеуметтік мәселелерді шешуге де қызмет етеді. Бұған азаматтық құқықтарды қорғау, қоғамдық

қауіпсіздік, жемқорлықпен күрес, ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау немесе қоршаған ортаны қорғау сияқты мәселелерді жатқызамыз.

Слактивизмнің позитивті немесе негативті дилеммасын шешуде бұл құбылыстың әртүрлі аспектілерін бөліп қараған жөн. Оның қоғамға пайдасы туралы сұрақтың да сан қырлары мен жауаптары болуы мүмкін. Алуан түрлі көзқарастардың оң немесе теріс жақтарын біржақты айту да қиын. Бірақ бір ақиқат бар. Қоғам, оның ішінде жастар энергиясы мемлекеттің дамуы үшін, қоғамды тұрақтандыруға жұмыс істейтін құбылыстарды күшейтуге қажет. Сондықтан жастар аудиториясы белсенді болып, қоғамдық өмірде шешуші рөл атқаруы тиіс.

Қоғам мен жас азаматтың жасампаз ынтымақтастығы екі жаққа да тиімді болатынын билік те, азаматтық қоғам да дұрыс пайымдауы керек. Слактивизмнің пайдалы немесе зиянды болуы, іс-әрекеттердің шынайы өмірдегі немесе виртуалды формалары белсенді азаматтыққа және қоғамның мәселелерін шешу жолында нақты қатысу құралы бола алады деп ойлаймыз.

Қорытынды тұжырымдар

Жаңа ақпараттық технологиялар қоғам мен билік арасындағы өзара байланыстың институционалдык жүйелері мен ережелерін түрлендіруде. Интернет-қауымдастықтардың пайда болуы, бір жағынан, қоғамның бірігуіне, виртуалды өмірдің генезисіне және электрондық демократияның пайда болуына ықпал етеді. Екінші жағынан, қарқыны күшті ақпарат кеңістігі жаңа проблемалар мен әлеуметтік қатынастарды тудырып, коммуникациялық процестерге қатысушылар арасына бөгеттер мен кедергілер жасауда. Интернет желісін мониторингтік зерттеу көрсеткендей, интернет қоғамның консолидациясына ықпал етіп қана қоймай, әлеуметтік қатынастардың тепе-теңдігін бұзып, бифуркацияға бейім тұрақсыз «алаңдарды» өмірге әкелуде. Виртуалды кеңістіктегі адамдардың интеракциясы интернет қолданушылардың әлеуметтік белсенділік мәселесін өзекті етіп, оны жан-жақты зерттеудің маңызын өсірді. Бұндай процестерде қозғаушы күш болып саналатын жастар аудиториясы басты назарға алынуы тиіс екенін көрсетті.

Зерттеу аясында жеке адамға да, жалпы қоғамға да үлкен қауіп төндіретін желілік мәдениеттің потенциалын анықтау үшін социологиялық зерттеу жүргізілді. Сауалнамалардың нәтижелері қоғамдық сананың әлеуметтік-мәдени дәстүрлер мен әлеуметтік институттардан, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтардан алшақтығын дәлелдеді.

Медиа контенттің жастар белсенділігіне әсер ету дәрежесін анықтау үшін білім алушы жастар арасында сауалнама жүргізілді.

Жастардың өз пікірін көпшілік алдында ашық немесе анонимді түрде білдіруі мен шыннайы өмірдегі қоғамдық іс-шараларға нақты қатысуы арасында тікелей байланыс анықталды. Қатысушылардың 2/3-ден астамы акцияларға қатысудың жария, ашық түрін таңдады. Бұл топтағы адамдардың 90%-дан астамы нақты әрекеттерді жасауға (волонтер болу, материалдық көмек көрсету немесе басқа нақты нысанда қатысу) дайын екендіктерін мәлімдеген. 10%-дан азы қосымша қолдаудан бас тартты. Осы деректерге сүйене отырып, акцияны ашық қолдаған қатысушылардың қоғамдық нақты іс-шараларға ерікті түрде қатысуға бейімділігі жоғары деген қорытынды жасалды. Сауалнамаға қатысушылардың тағы бір бөлігі акцияларға анонимді қолдауды таңдады, олардың 70%-дан астамы одан әрі қолдаудан немесе оларға нақты қатысудан бас тартқан.

Әлеуметтік желілердің даму перспективаларына байланысты көптеген көзқарастар бар және бұл перспективалар мақсатты аудиторияның таңдалуымен, ерекшеліктерімен анықталады. Сондықтан да жастардың әлеуметтік белсенділігін зерттеу үшін қазіргі қоғамда жүріп жатқан үдерістердің күрделі формалары мен түрлерін ескеру маңызды. Әлеуметтік белсенділік құбылысын жан-жақты талдауда әлеуметтік-психологиялық, пәнаралық және әдістемелік негіздемелер қажет. Болашақ зерттеулеріміздің тақырыптарын жастардың әлеуметтік белсенділігінің алғышарттары мен себептерін анықтау, жас ұрпақтың тұлғалық және әлеуметтік-психологиялық детерминанттарын зерттеу құрайтын болады.

Әдебиеттер

- Ali, S., Asghar, A., & Mamoon, D. (2017). Political Activism in Generation Y: A Global Phenomenon. *Journal of Eurasian Social Dialogue*, 2(2), 9–18.
- Beamish, A. (1995). *Communities online: community-based computer networks* / A.Beamish // Unpublished Masters thesis Ph.D. Dissertation, Massachusetts Institute of Technology, 1995. – p.163-170.
- Campanelli, V. (2010). *Web Aesthetics: How Digital Media Affect Culture and Society*. / Amsterdam: Institute of Network Cultures, 2010. – p.274. ISBN 9789056627706
- Castells, M. (2010, second edition). *End of Millennium, The Information Age: Economy, Society and Culture*. / Oxford, UK: Wiley-Blackwell. – p.488. ISBN 978-1405196888.
- Kim, A.J. (2000). *Community Building on the Web: Secret Strategies for Successful Online Communities* / A.J.Kim. – Berkeley: Peachpit Press, 2000. – 360 p.
- Lovink, G. (2015). *The World Beyond Facebook // Continuous Education: 21st Century*. 2015. No. 2(10). – p.1-10.
- Matyasik, M. (2014). Secure sustainable development: Impact of social media on political and social crises. *Journal of Security and Sustainability Issues*, 4(1), 5–16. [https://doi.org/10.9770/jssi.2014.4.1\(1\)](https://doi.org/10.9770/jssi.2014.4.1(1))
- Montgomery K., Gottlieb-Robles B., Larson G.O. (2004). *Youth as E-Citizens: Engaging the Digital Generation* / American University. School of Communication: Center for Social Media, 2004. – p.155. <https://civicyouth.org/PopUps/YouthasECitizens.pdf>
- Moreno, I.L. (2004). *Sociometry: Experimental Method and the Science of Society* / M., 2004. – 320 p.
- Morozov, Evgeny. (2012). *Net Delusion: The Dark Side of Internet Freedom* / NewYork: PublicAffairs, 2012. – p.449. ISBN 1610391063

- Sisulak, S. (2017). Userfocus – tool for criminality control of social networks at both the local and international level, *Entrepreneurship and Sustainability Issues* 5(2): 297-314. [http://doi.org/10.9770/jesi.2017.5.2\(10\)](http://doi.org/10.9770/jesi.2017.5.2(10))
- Tilley, C.M., Bruce, C.S., Hallam, G., Hills, A.P. (2006). A model for the development of virtual communities for people with long-term, severe physical disabilities (Электронный ресурс) / C.M.Tilley, C.S.Bruce, G.Hallam, A.P.Hills // *Information Research: freely available, international, scholarly journal*. – 2006. Vol.11. – №3. Режим доступа: <http://informationr.net/ir/11-3/paper253.html>
- Wellman, B., Hampton, K. (2003). *Neighboring in Netville: How the Internet Supports Community and Social Capital in a Wired Suburb* / B.Wellman, K.Hampton // *City & Community*. – Hoboken: Wiley-Blackwell, 2003. – Vol.2: Issue 4. – p.279-311.
- Wenger, E. (2008). *Communities of Practice. Learning, meaning and identify* / E.Wenger. – Cambridge: Cambridge Univ. Press, 2008. – 318 p.
- Yessenbekova, U. M. (2018a). Television in the development of information society culture in Kazakhstan. // *Media Watch*. – Volume 9, Number 3. – 2018. – pp.411-417.
- Yessenbekova, U. M. (2018b). Transformation of the functions of Kazakhstan television in the information society. // *Media Watch*. – Volume 9, Number 2. – 2018. – pp.203-208.
- Yessenbekova, Ulbossyn M. and etc. (2020a). Role of Media in Addressing the Socialization Problems of the Younger Generation: The Case of Kazakhstan // *Media Watch*. – Volume 11 (2). – 2020. – pp.348-355.
- Yessenbekova, Ulbossyn M., Kutym B. and etc. (2020b). The Cultural and Educational Mission of Kazakh Television // *Journal of Communication Media Watch (India)*. – Volume 11 (4). – november 2020. – pp.721-727. ISSN 0976-0911/e-ISSN 2249-8818
- Бондаренко, С.В. (2004). Социальная структура виртуальных сетевых сообществ [Текст]: дис. ... д-ра соц. наук: 22.00.04 / Бондаренко Сергей Васильевич. – Ростов на Дону, 2004. – 396 с.
- Гордилов, А.В. (2011). Виртуальное общение и проблема саморегуляции информационно-коммуникативного поведения личности в интернет-сообществах (Электронный ресурс) / А.В.Гордилов // *Социосфера*. – 2011. Режим доступа: <http://socio-sphera.com/publication/conference/2011/105>
- Изместьева Е., (2015). Слактивизм: как лайки и репосты могут решать социальные проблемы (Электронный ресурс) / Теплица социальных технологий. – 2015. <https://te-st.ru/2015/06/08/slacktivism/> (дата обращения: 12.09.2019)
- Исабаева, С., (2012). За «клавой» мы все смелые. (Электронный ресурс) / *Новостной ресурс Boursak*. – 2012. <http://boursak.info/?p=37316>
- Когель А.С., Фомичёв И.А., Бортников Н.А. (2017). Слактивизм как форма политической демобилизации // *Научное сообщество студентов XXI столетия. Общественные науки: Сборник статей по материалам VI международной студенческой научно-практической конференции*. 2017. – №8(55). – с.21-26. URL: [https://sibac.info/archive/social/8\(55\).pdf](https://sibac.info/archive/social/8(55).pdf)
- Марков, Б.В. (2000). Демократия и Интернет / Б.В.Марков // *Информационное общество*. – 2000. – №6. – с.43-46.
- Райбаева, А., (2012). Быть или не быть гражданской активности в Казнете? (Электронный ресурс) / ИТ-портал PROFIT. – 2012. <https://profit.kz/news/8275/Bit-ili-ne-bit-grazhdanskoj-aktivnosti-v-Kaznete/>
- Римский, В.Л. (2009). Воздействие сети Интернет на социальную активность, формирование и развитие идентичностей / В.Л.Римский // *Вестник общественного мнения*. – 2009. – №1. – с. 85-97.

References

- Ali, S., Asghar, A., & Mamoon, D. (2017). Political Activism in Generation Y: A Global Phenomenon. *Journal of Eurasian Social Dialogue*, 2(2), 9–18.
- Beamish, A. (1995). *Communities online: community-based computer networks* / A.Beamish // Unpublished Masters thesis Ph.D. Dissertation, Massachusetts Institute of Technology, 1995. – p.163-170.
- Campanelli, V. (2010). *Web Aesthetics: How Digital Media Affect Culture and Society*. / Amsterdam: Institute of Network Cultures, 2010. – p.274. ISBN 9789056627706
- Castells, M. (2010, second edition). *End of Millennium, The Information Age: Economy, Society and Culture*. / Oxford, UK: Wiley-Blackwell. – p.488. ISBN 978-1405196888.
- Kim, A.J. (2000). *Community Building on the Web: Secret Strategies for Successful Online Communities* / A.J.Kim. – Berkeley: Peachpit Press, 2000. – 360 p.
- Lovink, G. (2015). The World Beyond Facebook // *Continuous Education: 21st Century*. 2015. No. 2(10). – p.1-10.
- Matyasik, M. (2014). Secure sustainable development: Impact of social media on political and social crises. *Journal of Security and Sustainability Issues*, 4(1), 5–16. [https://doi.org/10.9770/jssi.2014.4.1\(1\)](https://doi.org/10.9770/jssi.2014.4.1(1))
- Montgomery K., Gottlieb-Robles B., Larson G.O. (2004). Youth as E-Citizens: Engaging the Digital Generation / *American University. School of Communication: Center for Social Media*, 2004. – p.155. <https://civicyouth.org/PopUps/YouthasECitizens.pdf>
- Moreno, I.L. (2004). *Sociometry: Experimental Method and the Science of Society* / M., 2004. – 320 p.
- Morozov, Evgeny. (2012). *Net Delusion: The Dark Side of Internet Freedom* / NewYork: PublicAffairs, 2012. – p.449. ISBN 1610391063
- Sisulak, S. (2017). Userfocus – tool for criminality control of social networks at both the local and international level, *Entrepreneurship and Sustainability Issues* 5(2): 297-314. [http://doi.org/10.9770/jesi.2017.5.2\(10\)](http://doi.org/10.9770/jesi.2017.5.2(10))
- Tilley, C.M., Bruce, C.S., Hallam, G., Hills, A.P. (2006). A model for the development of virtual communities for people with long-term, severe physical disabilities (Электронный ресурс) / C.M.Tilley, C.S.Bruce, G.Hallam, A.P.Hills // *Information Research: freely available, international, scholarly journal*. – 2006. Vol.11. – №3. Режим доступа: <http://informationr.net/ir/11-3/paper253.html>
- Wellman, B., Hampton, K. (2003). *Neighboring in Netville: How the Internet Supports Community and Social Capital in a Wired Suburb* / B.Wellman, K.Hampton // *City & Community*. – Hoboken: Wiley-Blackwell, 2003. – Vol.2: Issue 4. – p.279-311.

- Wenger, E. (2008). *Communities of Practice. Learning, meaning and identify* / E.Wenger. – Cambridge: Cambridge Univ. Press, 2008. – 318 p.
- Yessenbekova, U. M. (2018a). Television in the development of information society culture in Kazakhstan. // *Media Watch*. – Volume 9, Number 3. – 2018. – pp.411-417.
- Yessenbekova, U. M. (2018b). Transformation of the functions of Kazakhstan television in the information society. // *Media Watch*. – Volume 9, Number 2. – 2018. – pp.203-208.
- Yessenbekova, Ulbossyn M. and etc. (2020a). Role of Media in Addressing the Socialization Problems of the Younger Generation: The Case of Kazakhstan // *Media Watch*. –Volume 11 (2). –2020. – pp.348-355.
- Yessenbekova, Ulbossyn M., Kutym B. and etc. (2020b). The Cultural and Educational Mission of Kazakh Television // *Journal of Communication Media Watch (India)*. –Volume 11 (4). – november 2020. – pp.721-727. ISSN 0976-0911/e-ISSN 2249-8818
- Bondarenko, C.B. (2004). *Sotsialnaia struktura virtualnykh setevykh soobshchestv* [The social structure of virtual network communities] / Bondarenko Sergei Vasilevich. – Rostov na Donu, 2004. – 396 s.
- Gordilov, A.B. (2011). Virtualnoe obshchenie i problema samoregulatsii informatsionno-kommunikativnogo povedeniia lichnosti v internet-soobshchestvakh (Elektronnyi resurs) [Virtual communication and the problem of self-regulation of information and communication behavior of a person in Internet communities(Electronic resource)] / A.B.Gordilov // *Sotsiosfera*. – 2011. Rezhim dostupa: <http://sociosfera.com/publication/conference/2011/105>
- Izmesteva E., (2015). Slaktivizm: kak laiki i reposty mogut reshat sotsialnye problemy (Elektronnyi resurs) [Slaktivism: how likes and reposts can solve social problems(Electronic resource)] / *Teplitsa sotsialnykh tekhnologii*. – 2015. <https://te-st.ru/2015/06/08/slaktivizm/> (data obrashcheniia: 12.09.2019)
- Isabaeva, S., (2012). Za «klavoi» my vse smelye. (Elektronnyi resurs) [Behind the “clave” we are all brave(Electronic resource)] / *Novostnoi resurs Boursak*. – 2012.<http://boursak.info/?p=37316>
- Kogel A.S., Fomichev I.A., Bortnikov N.A. (2017). Slaktivizm kak forma politicheskoi demobilizatsii [Slaktivism as a form of political demobilization] // *Nauchnoe soobshchestvo studentov XXI stoletia. Obshchestvennye nauki: Sbornik statei po materialam VI mezhdunarodnoi studencheskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii*. 2017. – №8(55). – s.21-26. URL: [https://sibac.info/archive/social/8\(55\).pdf](https://sibac.info/archive/social/8(55).pdf)
- Markov, B.V. (2000). *Demokratiia i Internet* [Democracy and the Internet] / B.V.Markov // *Informatsionnoe obshchestvo*. – 2000. – №6. – s.43-46.
- Raibaeva, A., (2012). Byt ili ne byt grazhdanskoi aktivnosti v Kaznete? (Elektronnyi resurs) [To be or not to be civil activity in Kaznet(Electronic resource)] / *IT-portal PROFIT*. – 2012. <https://profit.kz/news/8275/Bit-ili-ne-bit-grazhdanskoj-aktivnosti-v-Kaznete/>
- Rimskii, V.L. (2009). Vozdeistvie seti Internet na sotsialnuiu aktivnost, formirovanie i razvitie identichnostei [The impact of the Internet on social activity, the formation and development of identities] / V.L.Rimskii // *Vestnik obshchestvennogo mneniia*. – 2009. – №1. – s. 85-97.